



*Мейірімді
жүрекпен,
Ақпейілді
тілекпен,
Амандасып
алайық,
Бір жадырап
қалайық!*





Отбасы әлеуметтік топ ретінде

ашық сабақ 10 сынып

Үй тапсырмасын пысықтау:

1. Жеке тұлғаның әлеуметтенуі қалай жүзеге асады?
2. Әлеуметтік мәртебе деген не, қандай адами қасиеттер болуы шарт ?
3. Азаматтық қоғамның ерекшелігі неде?



Ой қозғау: Сурет құпиясы неде ?



Сабақтың тақырыбы : Отбасы әлеуметтік топ ретінде

Оқыту мақсаты :

- Қоғамдағы отбасы жөнінде түсініктерін шыңдау, өмір сүруге даярлау, құқықтық тәрбие беру.
- ата-ана, бала жөнінде Ата Заңымыздан мағлұмат алуға жағдай туғызу,
- өз ойларын айтуға үйрету, жауап беру қабілеттерін дамыту.

2 тапсырма : Оқулықпен жұмыс

1 топ .Отбасы үшін некенің маңыздылығы қандай ?

2 топ. Қазіргі заманғы отбасының негізгі қызметтері қандай болуы керек ?

3 топ. Кейбір адамдардың „отбасылық құндылық,, жоғалып бара жатыр деген пікірге келісесіздер ме ?

**Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта.
Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы
ұжымы.**



Қазіргі заманғы отбасының негізгі қызметтері



3 тапсырма: Жағдаяттарды талдау:

1 топ. Бала өте қатаң отбасында тәрбиеленді. Оған ата-анасы ешқашан ойыншық сатып алып бермеді, тәтті әнеріп еркелетпеді, концерт, кино, циркке де барып көрмеді. Ата-анасының айтқанымен жүрді, дегеніне көнді, тек бұйрықты жүзеге асырушы, орындаушы қалыпта ғана өсті. Бала ата-анасының барлық айтқандарын екі етпей, бұлжытпай орындаса да, бірақ олардан бірауыз жылы сөз естімеді.

Мұндай отбасы туралы не айтар едіңіз?

Сіз балаңызды осылай болып өскендігін қалайсыз ба?

2 топ. Он жасар баласының бөлмесін жинап жүрген шешесі баласының қажетсіз деген заттарының бірқатарын қоқысқа лақтырып тастады. Баласы сабақтан келген соң, бұл жағдайды көріп анасына қатты ренжіді. Анасының ойынша, баласының мұндай реніш білдіруге қақысы жоқ. Себебі, осы үйді реттестіретін, қалыпқа келтіретін жалғыз адам анасы болғандықтан, қалай жинайды, солай болуы керек.

Анасының іс-әрекеті дұрыс деп құптайсыз ба?

Баланың қандай құқығы бұзылды деп ойлайсыз?

3 топ Ертеде бір ауылда үш жас отбасы өмір сүріпті. Бір кездері ол ауылға бақыт келіп қоныстады. Ол өзінің , қай отбасында жарық пен жылу толы болса, сонда қонатынын хабарлады.

Бірінші отбасы өз үйлерін күміске толтырды. Үй жарық болды, бірақ күмістің жарығы үйді жылыта алмады.

Екінші отбасы өз үйлеріне алтынды толтырды. Ол үй жарық бола түсті, бірақ жылулық бәрібір болмады. Тек, үшінші тақпыр отбасы өз үйлерінің ошағына от жақты. Оның әсерінен үй жарық болып, жылуға толды.

Оқиғаның мағынасы неде?

Отбасы ошағының жылулығын қалай сақтауға болады?

Қазіргі отбасы мәселелері

Тегінің
нашарлауы

Тұрмыс құрудың
мотивациясы өзгергені


Отбасында балалардың
саны азаюы

Ажырасудың
көбеюі

Отбасын құруға әлеуметтік
дайындықтың кеш қалыптасуы

Схема 6.7. Қазіргі отбасы мәселелері

4 тапсырма :Бақытты жанұяның моделі



5 -тапсырма. «Жалғасын тап» ойыны.

Жалпы тапсырма:

1. Бала жетіге келгенше ...
2. Ұлға отыз үйден ...
3. Атаның баласы болма ...
4. Әке көрген-оқ жанар ...
5. Баланың ұяты әкеге ...
6. Балапан ұяда не көрсе ...
7. Ата- бәйтерек ...
8. Ана сүтін ақтамағанды ...
9. Бала тәрбиесі...



Отбасындағы ерлі-зайыптылардың құқығы.

Неке заңды тіркелген кезден бастап отбасындағы екі адамның құқықтары мен міндеттері пайда болады. Отбасы заңының ең басты қағидасы әйел мен ер адамның теңдігі. Ерлі-зайыптылардың мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастары тең деп танылған. Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы" заңының 29-бабына сай ерлі-зайыптылар:

-Тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады.

-әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді өз еркімен таңдауға ерікті.

-ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасының басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірігіп шешеді.


-өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасына жәрдемдесуге, өз балаларының өсіп-жетілуіне, олардың әл-ауқатына қамқорлық жасауға міндетті.

Ардақта



ата-ананды


referatikz.ru



Үйге тапсырма

&13 104 бет.

„Менің отбасымның құндылығы,
эссе жазып келу



Кері байланыс:

Екі жұлдыз бір тілек

